

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең аз тәуекел санатына жатқызудың және кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін қолданудың ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 29 мамырдағы N 258 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 5 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2349. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрілігі Кедендік бақылау комитеті төрағасының 2005 жылғы 29 маусымдағы N 240 (V053757) бұйрығымен (бұйрық оның бірінші ресми жарияланған күнінен он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 371 , 470-баптарына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең аз тәуекел санатына ж а т қ ы з у д ы ң ;

2) Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін қолданудың ережесі бекітілсін .

2. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы (И.Ы.Аңсарова) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз е т с і н .

3. Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің баспасөз қызметі (А.А.Қоңлыбаева) осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а н ы ң

міндетін атқарушы

"Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең аз тәуекел санатына жатқызудың және кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін қолданудың ережесін б е к і т у т у р а л ы "

Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
төрағасының
2003 жылғы 29 мамырдағы
N 258 бұйрығымен
бекітілген

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең аз тәуекел санатына жатқызудың ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең аз тәуекел санатына жатқызудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің 470-бабына сәйкес әзірленді және ең аз тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке (бұдан әрі - СЭҚ) қатысушыларды айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Қызмет аймағында тіркелген кеден органына СЭҚ-қа қатысушының есеп кәртiшкесiн қоса бере отырып жазған оның жазбаша өтiнiшi СЭҚ-қа қатысушының ең төменгi деңгейдегi тәуекел санатына сәйкестiгiн айқындау үшiн негiздеме болып табылады. Өтiнiштi қарау мерзiмi 10 күнтiзбелiк күннен аспауы
т и і с

Ескерту: 2-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 181 бұйрығымен .

3 . М ы н а л а р :

ең аз тәуекел санатына кеден төлемдері мен салықтарын мемлекеттің бюджетіне жылдың ішінде уақытылы және толық төлеу;

осындай құқық бұзушылықтар үшін белгіленетін талап арыз мерзімінің көнелігі ішінде Қазақстан Республикасының кеден және валюталық заңнамасын бұзушылықтардың болмауы ;

жылдың ішінде экспорттық валюталық түсімдердің/экспорттық-импорттық мәмілелер жөніндегі импорты бойынша түсімдердің уақытылы қамтамасыз етілуі ;

СЭҚ қатысушылардың сыртқы экономикалық қызметін екі жылдан астам уақытта жүзеге асыруы ең аз тәуекел санатына жатқызу өлшемдері болып табылады ;

тауарлардың кеден шекарасы арқылы өткізілуінің мерзімділігі күнтізбелік жыл ішінде 20 реттен кем емес .

Ескерту: 3-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 181 бұйрығымен , 2004 жылғы 16 шілдедегі N 313 бұйрығымен .

4. СЭҚ-қа қатысушы ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына сәйкес деп танылған жағдайда, кеден органы аталған мәліметтерді СЭҚ-қа қатысушыны ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына жатқызылған СЭҚ-қа қатысушылардың жалпылама тізіліміне енгізу туралы шешім шығару үшін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органға береді.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 181 бұйрығымен .

5. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ең аз тәуекел санатына жатқызылған СЭҚ қатысушылардың жалпы тізілімін барлық кеден органдарына жібереді.

5-1. СЭҚ-қа қатысушыны ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына сәйкес деп тану туралы мәліметтерді қарау кезінде кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығын растайтын кеден органдарынан құжаттарды сұратады. Кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның аталған мәліметтерді қарау мерзімі 30 күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

СЭҚ-қа қатысушыға және аумақтық кеден органына жіберілетін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті органның жазбаша қорытындысы СЭҚ-қа қатысушыны ең төменгі деңгейдегі тәуекел санатына сәйкес деп танудың негіздемесі болып табылады.

Ескерту: 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 181 бұйрығымен .

6. Ең аз тәуекел санатына жатқызылған СЭҚ қатысушылардың жалпы тізілімінен СЭҚ қатысушыны шығару мынадай:

1) көрсетілген құқық бұзушылықты жасағандығы туралы сот шешімінің болуы шартымен, СЭҚ қатысушы кеден ісі саласындағы құқық бұзушылықты жасаған ;

2) кеден төлемдері мен салықтары бойынша берешектер қордаланған жағдайларда кеден органын хабардар ету негізінде жүргізіледі;

3) жалпылама тізілімге енгізілген тұлға таратылған не қайта ұйымдастырылған жағдайда .

Көрсетілген жағдайларда, кеден органы СЭҚ қатысушыны оның тізілімнен шығарылғандығы туралы 3 жұмыс күнінің ішінде хабардар етеді.

Ескерту: 6-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 181 бұйрығымен .

"Сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды ең аз тәуекел санатына жатқызудың және кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін қолданудың ережесін

б е к і т у т у р а л ы "
Қазақстан Республикасының
Кедендік бақылау агенттігі
т ө р а ғ а с ы н ы ң
2003 жылғы 29 мамырдағы
N 258 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

**Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін
қолданудың ережесі**

1. Осы Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібін қолданудың ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің (бұдан әрі - Кеден кодексі) 371-бабына сәйкес әзірленді және ең аз тәуекел санатына жатқызылған сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың (бұдан әрі - СЭҚ) тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуінің оңайлатылған тәртібін белгілейді.

2. Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі:
оларды бірдейлендіру үшін қажетті мәліметтердің ең аз көлемі ұсынылған жағдайда, тауарлар шығаруды;

оларға қатысты тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі белгіленген СЭҚ қатысушылардың уақытша сақтау орындарында қараудың жүргізілуін қамтиды.

Ескерту: 2-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 181 бұйрығымен .

3. Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі "тауарлардың экспорты" және "еркін айналым үшін тауарлар шығару" кеден режимдеріне сәйкес өткізілетін тауарларды кедендік ресімдеу кезінде қолданылады.

4. Оңайлатылған тәртіпті пайдалана отырып тауарларды кедендік ресімдеу кедендік тексеру жүргізбестен, оларды уақытша сақтау орындарға орналастырмастан, сондай-ақ кедендік алып жүру қолданылмастан жүргізіледі. Кедендік тексеру егер тауарлар Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын бұза отырып өткізілді деп санауға негіздеме болған жағдайларда ғана жүргізіледі.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі N 181 бұйрығымен , 2004 жылғы 16 шілдедегі N 313 бұйрығымен .

5. Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасының кеден органдарына жолдайтын СЭҚ қатысушылардың жалпы тізіліміне сәйкес ең аз тәуекел санатына жатқызылған СЭҚ қатысушыға қолданылады.

6. Кедендік ресімдеудің оңайлатылған тәртібі кеден ісі саласында жасалған немесе дайындалып жатқан құқық бұзушылық туралы ақпарат немесе күдік болған жағдайда кеден органдарының кедендік бақылаудың кез келген нысандарын қолдану мүмкіндігін жоққа шығармайды.

7. Осы Ережеде белгіленген талаптарды бұзу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.